



«Бекітемін»
Абай атындағы ҚазҰПУ ректоры
Т.О. Балықбаев
« 27 » 02 2018 ж.

**«Абай сыйы» республикалық олимпиадасының
Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Бұл Ереже оқушылар арасында «Абай сыйы» олимпиадасын (бұдан әрі – Олимпиада) үйымдастыру және өткізу тәртібін, оның үйымдастыру, әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуін, Олимпиадаға қатысу тәртібі және жеңімпаздарды мен жүлдегерлерді анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаты мен міндеттері дарынды балаларды айқындау, колдау көрсету, оқушылардың білімін насиҳаттау және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

3. «Абай сыйы» Олимпиадасын Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің колдауымен Абай атындағы Қазак ұлттық педагогикалық университеті (бұдан әрі – Университет) өткізеді.

4. Олимпиада математика, физика, информатика, химия, биология, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, география, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндері бойынша жеке конкурстардан тұрады.

5. Олимпиаданың ресми сайты www.kaznpu.kz мекен-жайы бойынша орналасқан.

6. Олимпиаданы үйымдастыру және өткізу үшін Үйымдастыру комитеті құрылады.

7. Үйымдастыру комитеті мен қазылар алқасының құрамы Университеттің профессор-оқытушылар құрамынан және мектеп мұғалімдерінен құрылады.

8. Үйымдастырушы комитеті төмендегідей міндеттерді шешеді:

1) Олимпиаданың барлық іс-шараларының өткізілуін қамтамасыз етеді;

2) Олимпиаданың өткізілу мерзімі мен орнын анықтайды (1-2 кезеңдері);

3) Катысушылардың on-line режимінде тіркелуін үйымдастырады;

4) осы Ережеге сәйкес өзге қызметтерді де жүзеге асырады.

9. Олимпиада қазылар алқасының төрағасы:

1) Олимпиаданы үйымдастыру комитеті және қазылар алқасымен бірге Олимпиада турлары тапсырмаларының соңғы нұсқасын дайындап, бекітеді;

2) ұсынылған тапсырмалардың ғылыми-әдістемелік деңгейіне, дұрыстығына және Олимпиаданың әр турының талаптарына сәйкестігіне жауап береді;

3) Олимпиада турлары тапсырмаларының құпиялышына тікілей жауап береді;

4) Олимпиада турлары тапсырмаларының орындалуын бағалау критерий бойынша регламенттерді дайындау бойынша қазылар алқасының жұмысын үйымдастырады.

10. Қазылар алқасы:

1 Олимпиада пәндері бойынша тапсырмаларды дайындайды;

2 Олимпиаданың пәндік тапсырмаларының орындалуын бағалау критерийлері мен әдістемесін жасайды;

3 Олимпиада қатысушыларының жауаптарын тексереді;

4 пәндер бойынша Олимпиада женімпаздарын айқындайды;

5 Олимпиаданың пәні бойынша үйлестірушіге нәтижелер ведомосын тапсырады;

6 Олимпиада туралы осы Ережеге сәйкес өзге де қызметтерді атқарады.

11. Бірінші турда тапсырмалар белгілі бір мәселелерге бағытталған міндеттерді/сұрақтарды шешуге негізделген тест және жауаптардың интербелсенді нұсқалары түрінде беріледі.

12. екінші турда жаратылыстану-математикалық бағытындағы тапсырмалар теориялық және практикалық есептерді шығару, ал қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы тапсырмалар эссе жазу және теориялық сұрақтарға жауап беру түрінде өткізіледі.

2. Олимпиаданы үйымдастыру мен өткізу тәртібі

13. Олимпиада екі тур бойынша өткізіледі. Бірінші тур – іріктеу кезеңі, ол қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалану арқылы on-line режимінде өткізіледі; екінші тур – қорытынды кезең, ол Университет базасында өткізіледі.

14. Олимпиада Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінің 11-сынып оқушылары қатысады.

15. Бірінші кезеңге www.kaznpu.kz сайтында қатысушылар ретінде тіркелген тұлғалар қатыса алады.

16. Оқушылар олимпиадаға бір пән бойынша ғана қатыса алады.

17. Екінші кезеңге бірінші кезеңнің жалпы сұрақ санының 60% және одан жоғары балл жинаған қатысушылар жіберіледі.

18. Олимпиада кезеңдерінің қорытындылары қатысушылардың жеке көрсеткіштерінің нәтижелері бойынша шығарылады.

19. Олимпиаданың 1-кезеңін өткізу ережелері.

1) Кестеде белгіленген уақытта қатысушы <http://olymp.kaznpu.kz> сайтына кіріп, тіркеуден өтеді (өзі туралы мәліметтер кириллицамен толтырылады, латын графикасымен толтырылған мәліметтер қарастырылмайды).

2) Қатысушы олимпиадаға қатысатын пәнді таңдайды және тест сұрақтарына (тест сұрақтары 45 минутқа ашылады) жауап береді.

3) Қатысушы тестілеуді бір рет қана тапсыра алады, тестілеуден қайтара өтуін Үйымдастыру комитеті есепке алмайды.

4) Уақыт мөлшері есептелуі оқушы тестілеу жүйесіне кірген сәттен бастап әрбір оқушы үшін жеке есептеледі.

20. Бірінші кезеңнің женімпаздары екінші кезеңді өткізілетін Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қаласына келеді.

21. Олимпиаданың екінші кезеңінен қатысусымен байланысты барлық шығындар (көлік, қонақ үйі, тамақтану және т.б.) қатысушылардың есебінен етеледі.

22. Екінші кезеңді өткізу кезіндегі дәрісханадағы окушылардың тәртіп ережелері

1) Қатысушы өзімен бірге жеке басын куәландыратын жеке құжатты, қалам, қарындаш ала келуге тиіс.

2) Олимпиада кезінде бастапқы бір сағатта дәрісханадан шығуға тыйым салынады.

3) Бір орыннан екінші орынға аудиоға, Олимпиада материалдарымен алмасуға, көшіріп алуға, шпаргалка, ұялы телефондарын алып кіруге және пайдалануға тыйым салынады, бұл ережелерді бұзған жағдайда, окушы дәрісханадан шығарылады.

4) Анықтама әдебиетті (Менделеевтің кестесі мен тұздардың ерігіштік кестесінен басқа), түрлі электрондық құрылғыларды (калькулятор, ұялы телефон және т.б.), түзеткіш сұйықтықты пайдалануға тыйым салынады. Бұл ережені бұзған жағдайда, окушы дәрісханадан шығарылады, ал оның жұмысы қаралмайды.

5) Олимпиаданы өткізу кезінде қатысушылар оқу орындарында жалпы қабылданған тәртіпті сақтап, олимпиада кезекшілері мен ұйымдастырушыларының түсініктемелері мен ұсыныстарына катан құлақ асуы тиіс.

6) Олимпиада тапсырмаларын орындау үшін әрбір қатысушы жеке толтыратын формулярды қамтитын жауаптар парагы беріледі.

23. Екінші кезеңінде нәтижелері бойынша қатысушылардың сұрақтары олимпиаданың апелляциялық комиссияға арыз беру арқылы шешіледі. Апелляциялық комиссияның шешімі түпкілікті болып табылады.

3. Қорытынды ереже

24. Әрбір пән бойынша Олимпиада женімпаздары үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар арасында айқындалады және Абай атындағы ҚазҰПУ-нің I, II және III дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

25. Олимпиада женімпаздарына Абай атындағы ҚазҰПУ-не 2018/2019 оқу жылындағы оқуға түсінде оларға келесідей женілдіктер ұсынылады:

- бірінші турдан өткен барлыққатысушуларға университетке ақылы бөлімге келген жағдайда олардың бірнеші оқу жылына 10% женілдік сертификаты беріледі;

- 3-орын иегерінің бірінші оқу жылына 30% женілдік сертификаты беріледі;

- 2-орын иегерінің бірінші оқу жылына 50% женілдік сертификаты беріледі;

- 1-орын иегерінің бірінші оқу жылына 100% женілдік сертификаты беріледі.